

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Избасарова Эльвира Иманалиевнаның «Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология ғылымдарының докторы, профессор Исакова Сабира
Сагынбековнаның**

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Избасарова Эльвира Иманалиевнаның «Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы басшылыққа алынған. Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және еліміздегі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі жағынан талаптарға толық жауап береді. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бойынша «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бағытына (2.5 Лингвистика) сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі

			жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс Шоқан Уалихановтың тілдік тұлғасын кешенді зерттеуге бағытталған. Зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері - Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының қалыптасуына негіз болған тілден тыс факторлардың анықталуы; ғалымның дискурсивті тәжірибесіне талдау жасауы; ғалым қолданған жанр түрлерін, бейвербалды компоненттердің қолданыс ерекшелігін, жазба және ауызша сөйлеу элементтерінің сәйкестігін, тілдік тұлғаның лингвистикалық көрінісін талдауы; Ш. Уалихановтың мәтінтүзуде қолданған тілдік амал-тәсілдерінің анықталып, жүйеленуі тарихи тіл білімі, мәтін лингвистикасы, дискурсология пәндерінің дамуына елеулі үлес қоса алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Автордың зерттеуге қажетті маңызды мәселесі ғылыми тұрғыдан айқындалған, тілдік мәселелерді шешудегі әдіс-тәсілдері дұрыс таңдалған. Өзінің жеке
		1) <u>жоғары</u> ;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

			пайымдауларын бере отырып ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Зерттеудегі тұжырымдар мен нәтижелер ізденушінің өзіндік ғылыми пікірімен қорытылған. Зерттеу жұмысы толық аяқталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертацияның өзектілік негіздемесі Ш. Уалихановтың тілдік тұлғасын кең ауқымды әлеуметтік-мәдени және танымдық мәнмәтін арқылы ашуға ұмтылуымен, ғалымның коммуникативті мінез-құлқы мен дискурсивті тәжірибесі әртүрлі ғылыми парадигмалардың өзара әрекеттесуіне негізделген іргелі зерттеу нысаны болмағанымен, оның тілдік тұлғасы тілдік категория шеңберінде қарастырылу қажеттігімен түсіндіріледі. Ізденушінің ғалымның тілдік тұлғасының ерекшеліктерін айқындауы ғылыми-теориялық, әдіснамалық тұрғыдан толықтай негізделген.
		1) <u>негізделген;</u>	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған. Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты материалдар үш
		1) <u>айқындайды;</u>	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда тілдік тұлға ұғымы, оның анықталуы, ғалымның тілтанымдық мұрасын талдаудың негізгі өлшемшарттары және тілдік тұлғаның қалыптасуының алғышарттары ғылыми-теориялық тұрғыдан айқындалған. Жұмыстың екінші тарауы да диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес жазылған. Ғалымның элитарлық тілдік тұлғасының басты белгілері айқындалған, тілдік тұлға концептосферасы ұғымы анықталып, соған сәйкес ғалымның тілдік тұлға концептосферасы қарастырылған. Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауы ғалымның тілдік тұлға құрылымының прагматикалық деңгейін анықтауға арналған. III. Уалиханов тілдік тұлғасы дискурсындағы прецеденттік мәтіндер талданып, олардың лингвопрагматикалық ерекшеліктері айқындалған. Диссертация мазмұны тақырыптың атауын толық аша алады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізген. Ұсынылып отырған жұмыста III. Уалихановтың тілдік тұлғасын кешенді зерттеу арқылы оның танымдық аспектісі мен
		1) <u>сәйкес келеді;</u>	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			прагматикалық құрылымын, дискурстық тәжірибесін талдауды мақсат етіп алған зерттеудің міндеттері айқын, тұжырымдары да нақты, әрі дәл берілген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында берілген қорытындылары нақтылай алады. Бөлімдері арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.
		1) <u>толық байланысқан;</u>	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы қағидаттар мен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан сыни талданған, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылған. Оның сыни көзқарастары Ю.Н. Карауловтың «Орыс тілі және тілдік тұлға» еңбегіндегі бірнеше ғылыми ұстанымдарды арнайы әдебиеттің көмегімен анықтау қажет және ондағы кейбір ұстанымдар пікірталас тудыратыны сөзсіз деп тұжырымдауынан (17 бетте), тілдік тұлғаға талдау жасағанда қолданылатын «тұлға», «тұлғаның құрылымы» және «когнитивтік» тәрізді негізгі ұғымдарға қазіргі тілтаным талаптарына сай
		1) <u>сыни талдау бар;</u>	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			мазмұндық және терминологиялық түзетулер енгізу қажет деп санауынан анық байқалады (17 бетте). Жұмыста ұсынылған жаңа әдістемелік шешімдер, қағидаттар нақты мысалдармен дәлелденген, сыни тұрғыдан салыстырылып, сараланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертанттың зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. 1) диссертациялық жұмыста Ш. Уәлихановтың көпсалалы ғылыми мұрасын талдау негізінде тілдік тұлғаны қайта жаңғыртудың лингвистикалық әзірлемесінің жасалуы жаңа болып саналады; 2) дискурсивті тәжірибелер мен Ш. Уәлиханов мәтіндері корпусының материалы негізінде тілдік тұлға категориясының сипаттамасы жасалуы толығымен жаңа; 3) лингвотұлғатанымдық үлгілеу саласында келешекте жүргізілетін зерттеулер үшін пайдалы, тиімді болатын тілдік тұлғаны талдау әдістемесі ұсынылуы жаңа; 4) Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының ерекшеліктері алғаш рет когнитивті-прагматикалық аспектіде кешенді түрде зерттелуі жаңа; 5) Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасын бірнеше аспектіде: аксиологиялық, когнитивті,
		1) <u>толығымен жаңа;</u>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			стилистикалық, дискурсивті т.б. қырларынан қарастыру нәтижесінде, оның көпдискурсивтілік сипатын айқындауы ішінара жаңа, өйткені тілдік тұлғаны бірнеше аспектіде айқындау, көпдискурсивтілік мәселелері тіл білімінде бұрыннан бар, жаңалығы ізденушінің Ш. Уалиханов тілдік тұлғасын анықтауынан көрінеді; 6) Шоқан Уәлихановқа қатысты әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан сауалнама жүргізілуі және нәтижелерін талдап, тұжырымдар жасауы жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы барысында теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу қорытындыларын жұмыстың нәтижесі ретінде жоғары бағалауға болады.
		1) <u>толығымен жаңа;</u>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Бұл ізденуші тарапынан ұсынылған зерттеу нысанына қатысты басқару шешімдерінің шынайылығын дәйектейді.
		1) <u>толығымен жаңа;</u>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Избасарова Эльвира Иманалиевнаның диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, зерттеу жұмысындағы барлық түйінді қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты деректерді талдау, тіл білімі ғылымында орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген. Қорғауға ұсынылып отырған диссертация бойынша терең және сапалы зерттеу жүргізілген. Өйткені ізденуші теориялық материалдарды толыққанды талдаған, өзіндік сыни көзқарастарын білдірген, соған сәйкес тұжырымдар жасаған және де практикалық материалдарды дұрыс және мақсатқа сай пайдалана білген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия;	7.1. Диссертация негізіндегі ұсынылған әрбір қағидат нақты дәлелдермен ұсынылған. Себебі зерттеушінің ғылыми теориялық мәселелері мен практикалық мәселелері нақты дереккөзден алынған, жаңашылдық деңгейі жоғары, ғылыми базасы қалыптасқан, ғылыми дәйектер мен тілдік материалдарды ұтымды пайдаланып дәлелдей алған, диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары отандық және шетелдік

		2) <u>жоқ</u> ;	ғылыми конференция материалдары, ғылыми мақалалар түрінде ұсынылған. 7.2. Тривиалды емес, себебі қағидаттың жаңалығы дәлелденген. 7.3. Ш. Уалихановтың тілдік тұлғасының ерекшеліктерін зерттеу және тілдік тұлғаны зерттеу әдістемесін ұсынуы нәтижесінде алынған тұжырымдары мен қорытындылары, ғалымның тілдік тұлғасының танымдық және прагматикалық сипатын анықтаудағы ізденістері жаңа. 7.4. Ш. Уалихановтың тілдік тұлғасының лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді зерттеу жұмысының қолданылу деңгейі кең, себебі зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар ғаламның тілдік бейнесі мен тілдік тұлға теориясын дамытуға өзіндік үлес қосады. 7.5. Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты он екі ғылыми мақала жарияланып, ұсынылған қағидаттары мен нәтижелерінің тиімділігі тәжірибеде және ғылыми мақалаларда дәлелденген. Атап айтқанда, диссертация тақырыбы бойынша Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген басылымдарда бір мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда алты мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында бес мақала
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) <u>ия</u> ;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) <u>кең</u>	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) <u>ия</u> ;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			жарияланған. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалып, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты жазылған. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне тіл біліміндегі тұлғатаным, дискурсология, мәтін мәселелері, когнитивті лингвистикаға қатысты зерттеушілердің еңбектері негізге алынған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>ия:</u>	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		1) <u>ия:</u>	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен толық дәлелденген және расталған: Шоқан Уәлхановқа қатысты әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама жүргізілген. Нәтижесінде қазіргі жастардың тілдік/когнитивтік санасында ұлы ғалым туралы ақпараттың аз және мардымсыз
		1) <u>ия:</u>	
		2) жоқ.	

			екені анықталған. Жұмыста сауалнама нәтижелері талданып, тұжырымдар жасалған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы берілген. Көптеген осы зерттеуге дейін жазылған әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, алынған материалдарының сенімді екендігі сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Диссертацияда маңызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, оларды басшылыққа алу негізінде жазылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жалпы саны 175 әдебиетті құрайды. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа қатысты таңдалған, барлық әдебиет диссертация мәтінінде көрініс тапқан, статистикалық, электрондық дереккөздерді жеткілікті түрде пайдаланған, сілтемелері берілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңыздылығы жоғары. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар қазақ тіл білімінің
		1) <u>бар;</u>	
		2) жоқ.	

			лингвотұлғатаным, дискурсология және когнитология бағытындағы зерттеулердің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының менталды-тілдік кеңістігінің ерекшеліктерін анықтау тілдік тұлғаның лингвотанымдық теориясының дамуына ықпал етеді. Зерттеу барысында анықталған Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының дискурсивті мінез-құлқының ерекшеліктері ұлттық идеалдың қалыптасуы мен дамуын қадағалауға мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, білімнің антропоэлекті парадигмасының дамуына ықпал етеді.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:		Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мынада:
	1) <u>ия:</u>		зерттеу нәтижелерін стилистика, сөз мәдениеті т.б. оқу курстарына енгізуге, сонымен қатар басқа да тілдік тұлға құрылымдарын қайта жаңғыртуға арналған зерттеулерде қолдануға болатынымен айқындалады. Жұмыс нәтижелері абайтану, ахметтану т.б. секілді шоқтану атты жеке ғылым саласын қалыптастыруға негіздеме бола алады.
	2) жоқ.		
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?		Диссертанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
	1) <u>толығымен жаңа;</u>		
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		Диссертациялық жұмыста Ш. Уәлихановтың көпсалалы ғылыми

			мұрасын талдау негізінде тілдік тұлғаны қайта жаңғыртудың лингвистикалық әзірлемесінің жасалуы жаңа болып саналады; лингвотұлғатанымдық үлгілеу саласында келешекте жүргізілетін зерттеулер үшін пайдалы, тиімді болатын тілдік тұлғаны талдау әдістемесі ұсынылуы жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, толық аяқталған жұмыс және ғылыми стильді толық ұстанған, құрылым жүйесі сақталған, сілтемелерді дұрыс қолдана білген. Зерттеу ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған. Академиялық жазу сапасы жоғары.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескертулер мен ұсыныстар: 1. Диссертацияда қазақ тілінде аудармалары қалыптасқан перспектива (25 бет), принцип (27 бет) терминдері орыс тіліндегі нұсқасы қолданылған, аталған терминдердің қазақша қолданыстары тұрақтанған. 2. Ш.Уәлихановтың тілдік тұлғасын өз замандастары – Абай, Ыбырай, орыс шығыстанушылары немесе

			саяхатшылардың тілдік тұлғасымен салыстыра талдау ғылыми мәнмәтінді кеңейте түсер еді. 3. Қорытындыда зерттеудің болашақ бағыт-бағдары айқындалып, нақты зерттеу аспектілері көрсетілсе деген ұсыныс бар. 4. Ш.Уәлиханов публицистикалық мәтіндерінің қазіргі мәтіндік мәдениетпен байланысы, заманауи дискурса ықпалы көрсетілсе, жұмыстың қолданбалық маңызы артады. 5. Шоқан шығармаларының тілін сандық әдістер арқылы (мысалы, жиілік сөздік, семантикалық өріс құрау, т.б.) талдау – қазіргі заман талабына сай келетін жаңаша қыр болар еді. Айтылған ескертпелерді ұсыныс ретінде қабылдауға болады және диссертацияның мазмұнына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың жарияланымдары зерттеу тақырыбына сәйкес келеді және шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген. «Дәрежелер беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қорыта айтқанда, шешіміміз: жоғарыда айтылғандарды тұжырымай отырып, философия докторы (PhD) ғылыми

		дәрежесін алу үшін ұсынылған Избасарова Эльвира Иманалиевнаның Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы мол, теориялық және тәжірибелік маңызы бар, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары, аяқталған жұмыс дей келе, «6D021300 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп бағалауға болады.
--	--	---

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
филология ғылымдарының докторы, профессор



С.С. Исакова